- ақпараттық-презентациялық іс-шараларды (дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа да іс-шаралар), сондай-ақ мәдениет және тілдерді дамыту мәселелері бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

### 15. Функциялар:

- 1) халықтың бос уақытын ұйымдастыру бойынша мәдениет мекемелерінің қызметін үйлестіру;
- 2) тілдерді дамыту және қолдану саласындағы перспективалық, ағымдағы, нысаналы бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 3) атқарушы органдармен, шығармашылық одақтармен және басқа да қоғамдық ұйымдармен, мәдениет қайраткерлерімен бірлесіп мәдениетті дамыту, мәдени мұраны қорғау және пайдалану жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу, оларды іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;
- 4) аудан аумағында мәдени қызметтің жекелеген түрлерін дамытудың мақсаттары мен басымдықтарын негіздеу, мәдениеттің даму үрдісін кешенді талдауды және болжауды жүзеге асыру;
- 5) тарихи-мәдени мұра объектілерін мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету, тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңнаманың сақталуын бақылау;
- 6) "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесін жүргізуді және толтыруды қамтамасыз ету;
- 7) кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 8) аудан аумағында өзінің ұлттық-мемлекеттік құрылымдарынан тыс тұратын азаматтардың қоғамдық орталықтары мен ұлттық мәдениет ұйымдарының қызметіне жәрдем көрсету және қолдау көрсету;
- 9) ауданның мәдениет мекемелерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыру;
- 10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес сала қызметкерлерінің мүдделерін сақтау;
- 11) Президент актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, әкімдік қаулыларын, аудан және облыс әкімінің шешімдері мен өкімдерін орындау жөніндегі тиісті органдарға өз құзыретінің мәселелері бойынша есептерді, ақпараттарды уақтылы дайындау, ұсыну;
- 12) заңнамаға қайшы келмейтін "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін басқа да функцияларды орындау;
- 13) азаматтарды тіл қағидаты бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;
- 14) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес облыстық және аудандық маңызы бар қалада, ауылда, кентте белгі қою туралы хабарламаларды қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;
- 15) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 75-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және әкімшілік жаза қолдану;
- 16) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізуді қамтамасыз ету;

17) бюджет қаражаты шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді қаржыландыруға арналған мемлекеттік шығармашылық тапсырысты бекітеді;

18) меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына, мемлекеттік шығармашылық тапсырыс қызметтерін орындаушылардың түрлері мен типтеріне қарамастан балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз етеді;

19) мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастырудың барлық кезеңдері мен рәсімдерін іске асыруды, оның сапасын бақылауды және электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда атаулы игеруді қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 14.02.2024 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2025 № 124 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 04.09.2025 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 18.12.2025 № 261 (қолданысқа енгізілуін 4-т. қараңыз) қаулыларымен.**

### **3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басшылығын "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ жүктеген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басшысының орынбасарлары жоқ.

19. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басшысының өкілеттігі;

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

2) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) бұйрықтар шығарады және орындауға міндетті нұсқаулар береді;

4) заңда белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

5) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен барлық қарым-қатынастарда ұсынады;

7) міндеттемелер мен төлемдер бойынша "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қаржыландыру жоспарын бекітеді;

8) органда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізілетін жұмыс үшін дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" ММ және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) "Елубай Өмірзақов атындағы аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік мекемесі;

2) Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі" мемлекеттік мекемесі;

3) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің Тілдерді оқыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің

2023 жылғы 14 қыркүйектегі

№ 233 қаулысына

5 - қосымша

## **"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ) ішкі саясат саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ ведомствосы бар:

1) Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ тілінде жазылған мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 60.

10. Осы ереже "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Тапсырмалар:

1) ішкі саясат бөлімінің құзыретіне жататын Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілері мен тапсырмаларына сәйкес ауданның жергілікті мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттің ішкі саясатын орындауын қамтамасыз ету, іске асыру;

2) ішкі саясат бөліміне жатқызылған құзыреттер шегінде мемлекеттік ішкі саясатты түсіндіру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру;

3) мемлекеттің даму стратегиясын халықтың хабардар болуын және қолдау деңгейін арттыруға бағытталған өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру;

4) өңірде болып жатқан қоғамдық-саяси процестерді және олардың даму үрдістерін жан-жақты және объективті зерделеу, қорыту және талдау;

5) Бейімбет Майлин ауданының аумағында діндерге, ауданның жастар, үкіметтік емес бірлестіктеріне қатысты мемлекет саясатын дәйекті жүзеге асыру, саяси партиялармен байланысты жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

- өз қызметін атқарушы биліктің басқа органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асыру;

- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға қатысуға тартуға, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

- карауында ішкі саясат саласындағы мәселелер бар мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына және "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ құзыретіне кіретін өзге де мәселелерге ұйымдастыру-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсету;

- заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болу, сотта талапкер және жауапкер болу.

2) міндеттері:

- мемлекеттік мекеменің құзыреті мәселелері бойынша аудан әкімі мен әкімдігі қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар енгізу;

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялар:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламаларын, облыс және аудан әкімдіктерінің қаулыларын, облыс және аудан әкімдерінің шешімдері мен өкімдерін түсіндіру;

2) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ жатқызылған құзыреттер шегінде ішкі саясат мәселелері бойынша консультативтік-кеңесші органдардың қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын түсіндіру бойынша мемлекеттік және басқа да мүдделі органдарға әдіснамалық көмек көрсету, аудандық ақпараттық топтың қызметін ұйымдастыру;

4) "Көркейбер, Қостанай!", "Рақметсаған, Туған ел" кіші жобаларды, "Атамекен" кіші бағдарламаны іске асыру, "Руханижаңғыру" бағдарламасы және "Ақпараттолқыны" кіші бағдарлама шеңберінде барлық базалық бағыттарды ақпараттық сүйемелдеу;

5) Бейімбет Майлин ауданының аумағындағы қоғамдық-саяси ахуалдың жай-күйіне мониторингті жүзеге асыру;

6) мемлекеттік органдардың мемлекеттік рәміздерді дәріптеу және осы саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау бойынша мониторинг жұмыстарын ұйымдастыру;

7) Бейімбет Майлин ауданының аумағында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

8) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру;

9) Бейімбет Майлин ауданының аумағында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік ақпараттық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның жүзеге асырылуын бақылау;

10) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ жатқызылған құзыреттер шегінде гендерлік саясатты іске асыру;

11) ауданның жастар саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты жүзеге асыру;

12) ұйымдарға мемлекеттік жастар саясаты саласында қажетті ақпараттық, түсіндіру, әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;

13) Бейімбет Майлин ауданының аумағында дінге қатысты мемлекет саясатын дәйекті жүзеге асыру, діни бірлестіктердің қатынастарын реттеу саласындағы заңнаманы іске асыруды қамтамасыз ету;

14) Бейімбет Майлин ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын қоғамдық-саяси, үкіметтік емес, діни, жастар ұйымдарының мәліметтерін жинау және қорыту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

15) көрнекі үгіт құралдарының мазмұнының қолданыстағы заңнамаға және республиканың саяси бағытына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру;

16) Бейімбет Майлин ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын қоғамдық кеңестің, отбасындағы толеранттылық мәселелері жөніндегі Аналар Кеңесінің, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қоғамдық келісім кеңесінің мәліметтерін жинақтау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

17) аудан әкімі жанындағы әкімдік отырыстары мен кеңестердің және оның әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарларының қарауына материалдар дайындау, бөлімнің құзыретіне, аналитикалық жазбаларға, ауданда болып жатқан әлеуметтік-саяси процестердің даму динамикасы мен үрдістері туралы ақпаратқа қатысты;

18) өңірдегі ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға және саяси процестерді демократияландыруға бағытталған аудандық ғылыми-практикалық іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;

19) құқықтық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және іске асырады:

19-1) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ басшылығын "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ басшысының байқаушылары жоқ.

19. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ басшысының өкілеттігі:

1) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ жұмысын ұйымдастырады және басқарады және ішкі саясат бөлімі жүктеген функциялар мен міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

3) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ мүлкіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде билік етеді;

4) шарттар жасасады;

5) сенімхат береді;

6) банк мекемелерінде шоттар ашады;

7) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді;

8) барлық ұйымдарда "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ мүдделерін білдіреді;

9) қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, жұмыстан шығарады, сондай-ақ көтермелеу шараларын қолданады және "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

10) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

11) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ қазақстандық оқу орталықтарында қызметкерлерді іссапарлар, тағылымдамалар, оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

12) өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

20. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ЖСН көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, өзіне жоспарлы қаржыландыру бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған бекітілген мүлікті және мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

23. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі" ММ және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

- Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 233 қаулысына  
6 - қосымша

## **"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ) бәсекелестікті дамытуға, қолдауға және қорғауға, сондай-ақ дара кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған ауданның кәсіпкерлік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ

тілінде жазылған мөртабаны, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 60.

9. Осы ереже оқу құжаты болып табылады "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ.

10. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджетпен жүзеге асырылады.

11. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

12. Тапсырмалар:

1) кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, бәсекелестікті қорғау, сондай-ақ ғылыми-техникалық салада, инновациялық қызметте кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) экономиканың шикізаттық емес секторына инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

13. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

- өз қызметін атқарушы биліктің басқа органдарымен өзара іс-қимылда жүзеге асыру;

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекеменің сұрау салулары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті мемлекеттік органдардан, басқарудан, кәсіпкерлік субъектілерінен қажетті ақпараттық материалдарды алуға;

- заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие болу, сотта талапкер және жауапкер болу.

2) міндеттері:

- мемлекеттік мекеменің құзыреті мәселелері бойынша аудан әкімі мен әкімдігі қабылдайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар енгізу;

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

14. Функциялар:

1) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алуды және қарауды қамтамасыз ету, басшының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауын жүргізуін ұйымдастыру;

2) баға белгілеуді талдау өз құзыреті шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті жол берілетін бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) Өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеу;

4) көрмелер мен жәрмеңкелерді ұйымдастыру;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі талаптардың, сауда, қоғамдық тамақтану, көрсетілетін қызметтер саласындағы ережелер мен тәртіптің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

6) қолданыстағы заңнама мәселелері бойынша халық, шағын кәсіпкерлік субъектілері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

7) Жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруды жүзеге асырады;

8) Жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасайды;

9) өңірлерде мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуын және орындалуын қамтамасыз етеді және жауапты болады;

10) кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңестердің қызметін ұйымдастырады;

11) шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін мамандар мен персоналды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

12) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

13) шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ақпаратты және оны дамытудың проблемалық мәселелерін талдау және қорыту;

14) кәсіпкерлік субъектілерін Облыстың кредиттік мекемелеріндегі қолданыстағы сыртқы қарыздардың, гранттардың шарттары туралы хабардар етеді;

15) кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы бағдарламасының ауданда іске асырылуын үйлестіру, есептер дайындау;

16) даму институттарының, мемлекеттік және ұлттық компаниялардың, сервистік компаниялардың, екінші деңгейдегі банктердің және өзге де ұйымдардың сарапшылары мен консультанттарын тарта отырып, топтық консультациялар мен тренингтер ұйымдастыру;

17) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамының салалық бөлімін әзірлеу, аудан әкімдігіне және әкіміне әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары, ауданның даму басымдықтары мен стратегиялары бойынша ұсыныстар енгізу;

18) аудан аумағында туристік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асырады

19) Бейімбет Майлин ауданы аумағында туризмді дамыту туралы ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асырады және кәсіпкерлік басқармасына ұсынады;

20) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері және туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты ұсынады;

21) Бейімбет Майлин ауданының аумағында туристік маршруттардың тізілімін жүргізеді;

22) заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға.

### **3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

15. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ басшылығын " Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ-не жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты басшы жүзеге асырады.

16. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ басшысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

17. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ басшысының орынбасарлары жоқ.

18. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ басшысының өкілеттігі:

1) бөлім мамандарының функционалдық міндеттерін айқындайды;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "аудан әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңда белгіленген тәртіппен көтермелеу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

4) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен барлық қатынастарда "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ атынан өкілдік етеді;

6) міндеттемелер мен төлемдер бойынша "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ қаржыландыру жоспарын, құрылымы мен штат кестесін бекітеді, бұйрықтар шығарады және орындауға міндетті нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

8) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ басшысы мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар үшін дербес жауапты болады.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

19. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, өзіне жоспарлы қаржыландыру бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған бекітілген мүлікті және мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

22. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ) ауыл шаруашылығы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ ведомстволары жоқ.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы қазақ тілінде жазылған мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 60.

10. Осы ереже "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджетте жүзеге асырылады.

12. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ кәсіпкерлік субъектілерімен "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері**

13. Міндеттері:

- аграрлық сектордың ұтымды және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

14. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерде және әртүрлі меншік нысандарындағы кәсіпорындарда мемлекеттік мекеменің мүдделерін білдіру;

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

аграрлық саясат мәселелері бойынша аудан әкімі мен әкімдігі қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және ұсыныстар енгізу;

2) Міндеттері:

- өз қызметін мемлекеттік мекеме туралы Ереженің өкілеттігі шегінде, мемлекеттік басқарудың басқа органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі тәртіп ережелерін, еңбек тәртібін мүлтіксіз сақтау;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс әкімінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ аудан әкімі мен әкімдігінің актілерін, нұсқамалары мен тапсырмаларын белгіленген мерзімдерді бұзбай сапалы орындау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру

15. Функциялары:

- аграрлық секторда саланы қаржылық сауықтыруға, жедел экономикалық өсу және ауыл шаруашылығы өндірісінің экспорттық әлеуетін арттыру үшін инвестициялар тартуға бағытталған реформаларды жүзеге асыру;

- бәсекеге қабілетті жоғары сапалы азық-түлік және ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру үшін жағдайларды қамтамасыз ету, оларды қайта өңдеуге және өткізуге жәрдемдесу;

- маркетингтік қызметтерді дамыту және агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру;

- мемлекеттік саясат шараларын қолдану және ауыл шаруашылығы өндірісі саласында озық тәжірибені енгізу арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- ауданның ауыл шаруашылығы құрылымдарының егіс алқаптары, өсіру технологиясының сақталуы, ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі және жалпы жиналуы туралы деректердің мониторингі;

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге консультациялық көмек көрсетуде көмек көрсетуді жүзеге асыру;

- астық нарығын өндіруді, сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді қоса алғанда, оның мониторингі;

- дайындалған тұқымдар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің саны мен сапасына мониторингті жүзеге асыру, ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттық егістіктерін сынақтан өткізуді бақылау, ауыл шаруашылығы құрылымдарында сынаушыларды даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

- меншіктің барлық нысандарындағы кәсіпорындарда және жеке аулаларда мал басының өнімділігін арттыруға және сақтауға, жануарлар мен құстардың барлық түрлерінің қозғалысына ақпараттық-талдау жұмыстарын және мониторингін орындауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу;

- ІҚМ аналық мал басын қолдан ұрықтандыру, табынның өсімін молайту және ауыл шаруашылығы жануарларын тұқымдық түрлендіру жөнінде ақпарат жинауды жүзеге асыру;

- мал шаруашылығы және Өсімдік шаруашылығы, Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және ауыл шаруашылығы техникасын дамыту мәселелері бойынша кеңестер, конференциялар, көрмелер ұйымдастыру және өткізу;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы техникасының, жанар-жағармай материалдарының болуы, қажеттілігі, сатып алынуы туралы деректерге талдау жүргізу;

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік техникалық инспекцияның міндеттері мен өкілеттіктерін жүзеге асыру;

- мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету;

- жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ олардың өкілдерінің өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде жеке қабылдау және ақпараттық жүйелердің электрондық порталдары;

- Орындаушы орындайтын жұмыстардың сапасын техникалық қадағалау әкімшісі болып табылатын бағдарламалар бойынша Мемлекеттік сатып алу шегінде қаржы қаражатының пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

- мемлекеттік және өңірлік бағдарламалардың индикативтерін, облыс және аудан әкімдіктерінің қаулыларын, облыс және аудан әкімдерінің өз құзыретіндегі мәселелер бойынша шешімдері мен өкімдерін орындау бойынша есептер, ақпараттық анықтамалар дайындау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру;

- үй жануарларын жаю не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындайды, сондай-ақ қажет болған кезде үй жануарларын жаюға арналған орындарды жабдықтау;

- жануарларға арналған панажайлардың қызметін ақпараттық қамтамасыз етуді және жануарларды жаңа иелеріне беруге, адасып қалған жануарлардың иелерін іздеуге, үй жануарларын стерилизациялау қажеттілігі туралы хабарлауға бағытталған әлеуметтік жарнаманы ұйымдастыру;

- қараусыз қалған жануарларының санын реттеу бойынша іс-шараларды жүргізу;

- тиісті аумақта ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді, мал шаруашылығында пайдаланылатын арнаулы көмбелер (көмінділер) салуды және ұстауды ұйымдастыру, сондай-ақ ауру малдарды санитарлық союды ұйымдастыруды жүзеге асыру.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 12.03.2026 № 34 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **3. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі**

16. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшылығын "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ-не жүктелген міндеттерді орындауға және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшысының өкілеттігі:

1) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметкерлерді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде шаралар қабылдамағаны, бұқаралық ақпарат құралдарына ақпарат бергені үшін дербес жауапты болады;

4) "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді;

5) бұйрықтарға, қаржылық құжаттарға қол қояды, "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда мемлекеттік органның атынан өкілдік етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбекақы төлеу қорын үнемдеу шегінде тәртіптік жаза қолдану, көтермелеу және материалдық көмек көрсету мәселелерін шешеді;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры және қызметкерлердің штат санының бекітілген лимиті шегінде штат кестесін, міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын, "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ құрылымын бекітеді;

9) азаматтар мен заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды, олар бойынша қажетті шараларды қабылдайды;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша және лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (

ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған ЖСН көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ, егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, өзіне жоспарлы қаржыландыру бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған бекітілген мүлікті және мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің  
2023 жылғы 14 қыркүйектегі  
№ 233 қаулысына  
8 - қосымша

**"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

**Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 12.11.2025 № 233 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **1. Тарау Жалпы ережелер**

1. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау, қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, үйде күндізгі күтім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімде ведомстволық бағынысты мекемесі бар: "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген

мөрі және өз атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге құқылы.

6. Бөлім егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111700, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 87.

10. Осы ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлім қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлім өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Тарау Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері.**

13. Тапсырмалар:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына әлеуметтік көмек көрсетуді үйлестіру және ұйымдастыру;

2) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру;

3) азаматтардың құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау туралы қолданыстағы заңнамада көзделген мемлекеттік кепілдіктерді қорғау;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

- Өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты мекеменің орындауы міндетті бұйрықтар мен басқа да актілер шығару;

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан белгіленген тәртіппен қажетті ақпаратты, материалдар мен құжаттарды сұратуға және алуға;

- жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау секторларының дамуын айқындау;

2) міндеттері:

- осы Ережеге сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органның атынан өкілдік етеді;

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені сақтауға;

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарының сапасы мен қолжетімділігін арттыру ;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

15. Функциялар:

1) ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін үйлестіру;

2) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және олардың қабылдануын қамтамасыз ету;

3) халықтың өмір сүру деңгейін тұрақтандыруға және жақсартуға бағытталған өңірлік бағдарламаларды әзірлеуге қатысу және олардың іске асырылуын талдау;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік қажеттіліктерді болжау және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;

5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету және кедейлікті азайту жөніндегі шаралар саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру;

